



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

19 қазан, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» – ЖАҢАНДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЖАҢА БЕЛЕС

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бейжінге ресми сапарының екінші күні «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумының ашылу рәсіміне қатысудан басталды.

Мемлекет басшысы дәстүрлі қонақжайлығы мен форумды мінсіз ұйымдастырғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қытайдың жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі шешуші рөліне назар аударып, оны экономикалық және технологиялық дамудың локомотиві ретінде атап өтті.

«Қазіргі геосаяси жағдайда «Бір белдеу, бір жол» бастамасы қажетті халықаралық жобаға және ынтымақтастықтың ірі платформасына айналды. Бұл жоба Қытайдың экономикалық қуатын, сондай-ақ оның жаһандық деңгейдегі жаңа белестерді бағындыруға ұмтылысын көрсетеді. Осыдан он жыл бұрын сіз Қазақстанда алғаш рет «Бір белдеу, бір жол» ұзақ-мерзімді бастамасын ұсынып, оның басты қозғаушы күші болдыңыз. Мұның символдық мәні зор. Осы маңызды мерейтойды атап өте отырып, бүгінде сіздің бастаманың өзінің қажеттілігін көрсетті және әлемдік



қоғамдастық тарапынан мойындалып, жаһандық ауқымдағы үлкен жобаға айналды деп сенімді түрде айта аламыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы «Бір белдеу, бір жол» жобасының теңдессіз әрі ауқымды халықаралық ынтымақтастық үшін пәрменді платформаға айналғанына тоқталды.

«Осы жобаға қатысушы мемлекеттердің бастамалары арқасында Азия, Еуропа және Африканың 150-ден астам елі тарам-тарам теміржолдар желісі, жоғары жылдамдықты күре жолдар және теңіз жолдары арқылы байланыс жасап отыр. Бұл жоба әлем экономикасының жылдам құбылып тұрған жағдайында қазіргі заманғы аса күрделі сын-қатерлеріне тиімді төтеп бере алатын және мемлекеттеріміз үшін жалпыға ортақ игілікке айналды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы аталған бастаманың елдер арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға, тату көршілік қатынастарды, достық пен өзара түсіністікті нығайтуға елеулі үлес қосатынына тоқталды.

«Бір белдеу, бір жол» Ұлы Жібек жолы ренессансына тың серпін берді десек, артық айтқанымыз емес. Сондықтан Қытайдың бұл бастамасы – XXI ғасырдың мегажобасы. Бұл – әділ баға, – деді Президент.

2-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда-Жезқазған» автожолының 136 шақырым учаскесіндегі қайта жаңғырту жұмыстарының барысын көрді. Жауапты мердігер мекемелер басшыларымен жиналыс өткізіп, мәселелерді талқылады. Жиынға құқық қорғау органдарының басшылары қатысты. «Қазавтожол» ҰҚ АҚ облыстық филиалының басшысы Ерұлан Жүнісов атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

«ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН» ЖОЛЫ: АРҚАҒА БЕТ АЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖОБА



Суретті түсірген Б.Есмаев

Аймақ басшысы көлік инфрақұрылымы саласындағы өңіріміз үшін ең маңызды жобалардың бірі – «Қызылорда-Жезқазған» автожолы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында екенін еске салып, ең алдымен жұмыс сапасына баса мән беруді тапсырды. Жол құрылысына қатысты, сонымен қатар еңбек заңдылығын қатаң сақтау туралы міндеттер жүктелді. Құрылыста жұмыс істейтін шетел азаматтарының арасында ешқандай құқық бұзушылықтың орын алмауы жіті бақылануы тиіс. Сыр өңірін орталықпен байланыстыратын үлкен жобаны жүзеге асыруда сапа, тәртіп және жол құрылысы заңдылықтарының сақталуы бірінші орында тұруы керек.

Өткен аптада өңірге жұмыс сапарымен келген Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы бірқатар нысан жұмысымен танысып, аймақ дамуына оң баға берді. Мемлекет басшысына «Қызылорда-Жезқазған» автожолы салу барысы туралы баяндалды. Бүгінде осы жолдың Қызылорда облысына тиесілі 216 шақырмының 104 шақырмы аяқталуда.

Айта кетейік, облыс әкімінің мемлекет басшылығымен құзырлы мекеме м а м а н д а р ы н а н жасакталған ар-

найы комиссия жол құрылысы талпынуларының қатаң сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жобаның қалыптасуына қатысты. Жоба 2023 жылға дейін толықтай пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

«Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңартудың техника-экономикалық негіздемесіне сәйкес айналма жол, 2 айрық, ауылшаруашылық техникалары мен үй жануарларына арналған 2 өткел, су арналарына 3 көпір, 2 көпфункционалды аралық бақылау (салмақ, габарит, жылдамдық) өлшейтін арқа, 5 заманауи жылы дәрехана, 5 демалыс алаңы, 56 су өткізгіш құбыр, 10 мал өткелі, 117 жол қиылысы мен түйісуі қарастырылған.

Қазір мердігер мекемелер қажетті құрал-жабдықтарды жеткізіп, құрылыс жұмыстарын қарқынды жүргізуде.

Президент қолдауымен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі аралығы 4 жолақты жолға ауысады. Мемлекет басшысы қазіргі жол, шын мәнінде, өте тар екенін атап өтіп, оны кеңейту жұмыстарын тезірек бастауды, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға кешіктірмей қаржы бөледі тапсырды. Аймақ үшін ғана емес, республика үшін маңызды автожол құрылысы таяу арада іске асады.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА СЫР ӨҢІРІ КӨШБАСШЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында халықты жұмыспен қамту шаралары мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері қаралды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованың баяндауынша, «10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру» тапсырмасын орындауда Қызылорда облысы республикада бірінші орынға шыққан. Еңбеккерлердің міндетті зейнетақы

жарнасының аударылуына, электронды еңбек келісім-шарты болуына қатысты талап 100 пайыз орындалған. Сонымен бірге аймақтың ұлттық жобаларды іске асыру көрсеткіштері республикалық орташа көрсеткіштерден жоғары.

2-бет

ҚАЛА КЕЛБЕТІ – САНА КЕЛБЕТІ

Биыл облыстың 85 жылдығымен тұстас келген Қызылорда қаласының 205 жылдығы да аталып өтуде. Қала күні мерекесі аясында «Жастар карнавалы», «Жайдарманшылар фестивалі», «Кітап fest» көрмесі, «Шаттық» облыстық балалар хор ұжымдарының фестивалі, «Үздік аула» секілді көптеген шаралар ұйымдастырылды. Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Өмірбекұлы Шәменовпен тілші әңгімесі тынымсыз қала тіршілігіне тағы бір шолу жасайды.

«Асылбек Өмірбекұлы, «бойында дарияның бір қала бар» деп ақындыр жырлаған Қызылорда бүгінде бір кездегі бейнесінен «үр қала бар» деп айтамын сұлу келбетке көшті. Бұл – ел басқарған азаматтардың туған жерге деген адал парыз, алғашқы жаңашырлығы арқасында іске асып отырған игілік. Қаладағы тынымсыз еңбек ырғағы жайында жұртшылыққа нақтырақ ақпарат бере отырамыз...

«Әрине, әркімнің өз үйін таза ұстайтыны секілді туған қаламыздың да келбетті, көрікті болғаны – ортақ абырой. Қазіргі жұмыстардың дені тұрғындардың жайлы өміріне бағытталып отыр. Сонымен бірге қаланы абаттандыруға баса көңіл бөлінуде. Бұрын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін конкурс жарияланып, оны тендер алған мекеме атқаратын. Бұл өте тиімсіз, жұмысын бітірген мекеме онан әрі жауапты болмайтын. Енді міне, көгалдандыруға байланысты «Жа-сыл Қызылорда» атауымен арнайы мекеме құрылды. Мысалы, «Қызылорда тазалығы» тазалық жұмыстарымен айналыса, аталған мекеме қаланы желектендіреді, гүлдендіреді, аяқсумен қамтып, оларды күтіп ұстау міндетін атқарады.

«Ауылын көріп, азаматын таны» демей ме, абаттандыру жұмысы қай кезде де алдыңғы орында тұруы тиіс. Биыл жазда кеңейтіліп, жөндеуден өткен Бейбарыс сұлтан көшесін абаттандыруға 1 млрд 722,3 млн теңге бөлінген болатын. Қазір ауқымды жұмыс аяқталып келеді. Дарияның сол жағалауындағы Абылай хан данғылы абаттандыруға да 541,8 млн теңге бөлініп, ол жұмыс та басталып кетті. Қалада үш жүзге жуық көше бар, алдағы жылы 100 көше жөндеуден өткізілетін болады.

2-бет

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Орнықты орнымыз облыс орталығы болғанмен аудан, ауыл-аймаққа жиі жолға шығамыз. Тапсырманы орындау үшін белгілі бағытқа асығамыз. Бағытың қаратаудың тап іргесіндегі Жаңақорған болуы мүмкін. Кейде іздеген шаруашылық немесе еңбек адамың сонау батыс аудандағы Аралдан табылып жатады. Тақырыпқа үйлесер кейіпкер мен кәсіпорын тапқанша солай шарқ ұрып жүргенің...

Жә, айтпағым ол емес. Журналисттің жол үстінде көп болатынын ескерсек, талай тосынның сені өзін-ақ күтіп алады. Бірі қуаныш сыйлауы мүмкін, ал бірі керісінше, көзге де, көңілге де қаяу түсіреді.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

ТӨРТ ЖОЛАҚТЫ ЖОЛ – ТАРИХИ ШЕШІМ

Бұл да сондай жайттың бірі еді. Кезекті сапармен Қармақшыға аттанғанмын. Алдымыздан сап түзеген үлкенді-кішілі көлік тізбегі қарсы алды. Біз мінген жеңіл машина да соңына жайғасатыны анық.

«Анық авария мынау, – деді рульді сығымдай ұстаған шоппыр жігітім. – Құдай сақтасын, – дедім мен. – Жаманшылық шақырмайық. Мүмкін, басқа шығар. – Әй, қайдам?»

Жиырма минуттай уақыттан соң тіркесе кептелген көліктер жылжи бастаған. Біз де сонынан ілестік. Сәлден соң алдымыздағылар жылдамдығын арттыра берді. Біздің жүргізуші солардың қарқынымен газды абайлай басады.

«Айттым ғой, – деді ол тағы да. – Жылқы қағыпты. Ойпырым-ай, мынауың үйдің мал ғой.

«Кәнеее? Ентелей алдыңғы терезеге ұмысына қарағанмын. Көргенім – расымен жылқы. Түркі ірі екен. Бес-алты жас жасаған. Көзі жылтылдай, кең танауы ашыла терең дем алады. Ішек-қарны ақтарылған. Жолдың қарама-қарсысында біздің тілмен айтсақ, дүңкіген «Джип» көлігі тұр. Иесі көрінбейді. Соққан машина да – осы. Онысын капотынан-ақ байқадық.

«Обал-дағы-ай! Ана жылқыны адалдап соятын адам да болмады-ау бұл жерде.

2-бет



ҚҰРЫЛЫС: ДӘУЛЕТКЕ СӘУЛЕТ САЙ ӨРІС

Құрылысшылардың еңбек ізі мыңдаған тұрғын үй мен қызмет көрсету ғимаратында, мектеп пен балабақша, аурухана-емханада, мыңдаған шақырым жол жүйесінде сайрап жатыр. Ел қуанышына айналған түрлі сан салалы кешен мен көрікті үйлер бір күнде біте қоймайды. Оған құрыш қолды құрылысшылар жаздың аптабы мен қыстың суығына қарамай, тер төгіп келеді. Бұл елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің өсу белгісін білдіреді.

Бибілат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

3-бет

МОЛШЫЛЫҚ МАУСЫМЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ

Сыр диқандары тағы бір жауапты маусымды ойдағыдай аяқтады. Ала жаздай бейнеттен бел жазбаған ауылдағы ағайын астықты ысырапсыз қамбаға құйды. Төрт түлкікті түгел өргізген шаруалардың да мерейі тасыды. Осылайша аймақтың аграрлық саласында ауқымды жобалар жүзеге асып, ауыл шаруашылығында серпінді істерге жол ашылды. Осы орайда облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевпен атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер жайында ой бөліскен едік.

4-бет





«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» – ЖАҢАНДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЖАҢА БЕЛЕС

Мемлекет басшысы Қазақстанның жетістіктері жөнінде де айтты. Осы ретте, Президенттің пікірінше, Еуразия кіндігінде орналасқан еліміз, Солтүстік пен Оңтүстікті, Батыс пен Шығысты байланыстыра отырып, бастаманы іске асыруда ерекше рөл атқарады. Оның айтуынша, Қытаймен арада созылып жатқан ортақ шекарасы бар әрі аумағы үлкен құрлықшілік мемлекет ретінде Қазақстан халықаралық маңызға ие көлік-логистикалық торапқа айналуға барынша күш салып отыр.

– Бүгінде Қытайдан Еуропаға жасалатын жерүсті транзиттік тасымалдың 85 пайызға жуығы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Көлік-транзит саласының дамуына баса мән бері отырып, соңғы 15 жылда біз осы мақсаттарға 35 миллиард доллардан астам қаражат бөледік. Лянь-юньгандық қазақ-қытай логистикалық орталығы, «Қорғас» құрғақ порты, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» транзиттік магистралі, Қытайдан Иранға баратын теміржол дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті үш жыл ішінде 1300 шақырым жаңа теміржол жол салуға, Қытаймен шекарада үшінші теміржол өткізу пунктін ашуға, «Бакты» және «Қалжата» жаңа құрғақ порттарының құрылысына қатысты жоспарын ортаға салды. Бұл – Қазақстанның ірі экономикалық жобалары Қытайдың жаһандық бастамасымен ұштасатынын анық көрсетеді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде аса ірі жобаның – Транскаспий халықаралық көлік бағытын қысқартуға назар аударды. Бұл бағдар Қытайды, Орталық Азияны және Еуропаны байланыстыратын «Бір белдеу, бір жол» бастамасының құрлықтағы көпірін айнала алады. Осы ретте жүк тасымалдау мерзімін екі есе қысқартуға және көлік шығындарын айтарлықтай төмендетуге ықпал етеді.

– Қазақстан мен Қытай арасында Транскаспий бағытын дамыту жөніндегі үкіметаралық екі келісімге қол қойылды. Жуық арада бұл келісімдер айтарлықтай нәтиже беретініне сенімдімін. Күш-жігерімізді тиімдірек үйлестіру үшін ірі стратегиялық порттардың, логистикалық орталықтардың және пошта хабтарының серіктестік желісін құруды ұсынамын. Сонымен қатар кемелер мен контейнерлердің бірлескен өндірісін жолға қоюға мүдделіміз. Қазақстан жолаушылар мен жүктерді тұрақты тасымалдау ісін қамтамасыз ете отырып, әлемнің жетекші әуе компаниялары үшін сенімді әуе көпірі және ыңғайлы аялға болуға дайын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, жаңа жаһандық жоба саналатын «Цифрлық Жібек жолы» бастамасы аясындағы серіктестік мол мүмкіндіктерге жол ашады.

– Цифрлық және зияткерлік ықпалдастықтың жаңа моделін құру экономикамыздың инновациялық тұрғыда дамуына елеулі үлес қосатынына сенімдімін. «Бір белдеу, бір жол» бастамасының жаңа онжылдығында Қазақстан ортақ табысқа жетуге жан-жақты атсалдыруға жалғастырады. Құрметті Төраға Си Цзиньпин, сіздің дана басшылығыңызбен ҚХР түрлі халықтардың ортақ тарихи тағдыры жүзжылдығымыз негізінде Қытайдың жаңа дәуірін қалыптасыруда одан әрі зор жетістіктерге жететініне сенімдімін, – деп қорытындылады сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар форумда Қытай Төрағасы Си Цзиньпин, Ресей Президенті Владимир Путин, Индонезия Президенті Джоко Видодо, Аргентина Президенті Альберто Фернандес, Эфиопия Премьер-министрі Абий Ахмед, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш сөз сөйледі.

Форумға 20-дан астам мемлекеттің басшылары және 130-дан аса ел мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысып жатыр.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, даму қарқынын тоқтатпауды ескертті.

– Көрсеткіштеріміз жаман емес, дегенмен бұл жетістікпен тоқтап қалмай, жоспарды жыл соңына дейін 100 пайыз орындауымыз керек. Жаңа көрсеткіштеріміз, 9 айдың қорытындысымен Өңірлік жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде бильға жоспарланған 43 898 жұмыс орнының 84,2 пайызы немесе 36 967 жұмыс орны ашылған. Өңірлік картаның бір компоненті болып саналатын ұлттық жобалар шеңберінде 2930 жұмыс орны құрылған. Алайда кейбір бағдарлама өкімшілерінің жылдық жоспарды орындамау қаупі бар, – деді аймақ басшысы.

ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА СЫР ӨҢІРІ КӨШБАСШЫ

Нұрлыбек Машбекулы Үкімет айқындаған халықты жұмыспен қамту жөніндегі міндеттемені 100 пайыз орындау керектігін атап өтті. Ол үшін барлық бағдарлама өкімшілері, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері жұмысқа орналастырылған азаматтардың зейнетақы аударымдары мен электронды еңбек келісім-шарттарының түгел болуын қадағалап, мердігер мекемелермен, жұмыс берушілермен тиісті жұмыстар жүргізуі қажет. Мұнан бөлек, келер жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту жол картасын бекіту үшін нақты жұмыс орны ашылатын және жүзеге асырылатын жобаларды пысықтап, тізімін 15 желтоқсанға дейін облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұсыну тапсырылды. Зейнет жасынан асқан қызметкерлердің орнына жұмыссыз жастарды тұрақты жұмысқа алу бойынша шаралар қабылдау керектігі де айтылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге келсек, жыл өткен сайын тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайы күрделенуде. Бұл қоғамдағы өзекті мәселеге айналғандықтан, жүйелі әрекет ету шараларын қабылдау қажет. Көп жағдайда әйелдер зардап шегеді. Сондықтан оларды қолдау шаралары ұдайы жүргізілуі тиіс. Бұл ретте, әрине, уәделі инспекторлардың жұмысын жандандыру қажеттігі туындайды.

Елімізде соңғы екі жылда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 300 адам көз жұмған. Ал өңірде 9 айдың қорытындысымен отбасылық-тұрмыстық сипатта жасалған қылмыстар өсім алған.

Осы орайда қалада жақында ашылған «Анаға тағзым», «Отбасы орталығында» қиын жағдайға тап болған аналарға, қыз-келіншектерге психологиялық көмек көрсетіп, оларға бағдар берілетінін атап өтті. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қала, аудан әкімдері, қоғамдық даму басқармасымен бірге тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге, дағдарыс орталығына келушілерге қажетті көмек ұйымдастырып, мониторингті тұрақты жүргізу жөнінде тапсырма берілді.

1-бет

ҚАЛА КЕЛБЕТІ – САНА КЕЛБЕТІ



Осылармен бірге теміржолмен жарыса жүретін Ясауи көшесін абағтандыру жұмыстары да басталмақ. Бұл көше кеңейтіліп, оның бойында түрлі демалыс орындары орналасады. Жоба жасалып, қаржысы шешіліп тұр. «Шұғыла» шағын ауданындағы қауын-қарбыз сататын базар жаңартылады. Кәсіпкерлер нысанды біздің концепциямызға сай жасайтын болады. Бұл арба итеріп жүретін, көрпе жамылып жататын базар емес, заманауи түрдегі, іші сыртынан көрінетін шыны қабырғалы, қауын-қарбызды қабылдайтын зертханасы, адамдар отырып демалатын дәмханасы бар сәнді базарға айналады.

Азаңда үйінен шыққан адам жұмысына дейін демалып, айналасындағы көрініске көз тойдырып бару керек. Кешке үйіне де сондай көңіл-күймен оралуы тиіс. Бұл үшін қаланың көрікті болуы маңызды.

Облыс әкімінің тікелей қолдауымен қазір қаламызда 1000 орындық «Өнер орталығы», облыстық «Қан орталығы» және сол жағалаудан «Оқушылар сарайы» секілді іргелі ғимараттар бой көтеріп жатыр. Бұлардың бәрі де халыққа аса қажетті әлеуметтік нысандар, сонымен қатар олар қала үшін заманауи бет-бейнесімен де қымбат.

«Оқушылар сарайы» – мектеп балаларының ең көп шоғырланатын орталығы. Онда көптеген үйірме жұмысы, секциялар болады. Әр мектепте оқитын балалардың достық қатынасына мүмкіндік туады. Жеткіншектерді отангерлікке тәрбиелеу ордасы да сол болмақ. Әйтпесе, қазір балалардың көбі әлеуметтік желілер асеріне алдануда. Смартфонмен сырласқан баланың кейбір жат әдеттерге бой алдыруы ғажап емес.

Сондықтан, «Оқушылар сарайын» сол жағалаудан ғана емес, қала орталығынан да салу жұмысын қолға алдық.

– Біздің қалада мектеп мәселесі шешімін тапқан дей аламыз ба?

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қаламызда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен заманауи үлгідегі 8 мектеп салынады. Биыл 5 мектептің құрылысын бастадық. Ол мектептер – сол жағалауда, «ТМК-70», КБИ шағын аудандарында, «Арайда» және «Қызылжарма» ауылдық округінде.

Сол жағалаудан 300 орынға лайықталған жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізіліп жатыр.

– Сіздің қабылдауыңызға азаматтар қандай мәселелер көтеріп келеді?

– Бұрын саяжай болған «Еңбек», «Сабалақ» шағын аудандарының тұрғындары жол, ауызсу, газ мәселесіне көп шағымданады. Кейінгі айларда «Сабалақтың» он төрт көшесіне тас төселді. Биыл «Ақсуат» ауылдық округі газға қосылды. Қазіргі кезде «Косшынырау» ауылдық округінің Абай, Досан ауылдарына газ құбыры тартылуда. Бұл жұмыстар қараша айына дейін аяқталады. Бірер жылда қала айналасының бәрі де «көгілдір отын» иілігін көретін болады.

Көпшіліктің басты мәселелерінің бірі – баспана. Бір ғана қаланың өзінде қазір 27 мың адам пәтер кезегінде тұр.

Биыл жыл аяғына дейін мемлекеттік бағдарлама аясында осал топқа жататын 620 жерлесіміз жаңа пәтерге қол жеткізеді. Сонымен бірге 640 отбасы несемелік пәтерге кіреді, 135 пәтер апаттық тұрғын үйде тұратын азаматтарға, 45 пәтер көпбалалы отбасыларға, 100 пәтер «Сыр жастары» бағдарламасы бойынша беріледі.

Жалпы жыл басынан биылғы тамыз айына дейін 278 отбасы жаңа баспананың кілтін алды.

– Қаламызда көлік көбейіп келеді, жол апаттары да орын алып тұрады. Жаяу жүргіншілер үшін жерасты өткелін салу жоспары бар ма? Қала ортасын бөліп жатқан теміржолдың арғы-бергі бетіне өту үшін кептеліс не пайда болып жатыр...

– Әрине, жерасты өткелі – жүргіншілер үшін қауіпсіз жол. Біз мұны зерттеп көргенбіз, күрделі технология әрі қаржысы тым қомақты шықты. Бірақ адам өмірі – бәрінен қымбат. Сондықтан алдағы жылдары жаяу жүргіншілерге жерасты өткелдерін салуды қолға аламыз.

Қазір көлік кептелісін азайту үшін жабылып қалған бұрынғы ескі теміржол өткелі ізімен жерасты өткелін салуға конкурс жарияланды. Бүгінде теміржолдың сол жағы мен оң жағындағы қаланы негізінен Қорқыт ата көшесіндегі тесік көпір мен «Ақмешіт» шағын ауданындағы аспалы көпір байланыстырып тұрса, осы жұмыс аяқталғанда қалалықтар көлікке және жүргіншілерге арналған жаңа жерасты өткелін тұтынатын болады.

1-бет

– Жақсы жаңалық екен. Теміржол қақпасының да қайта жаңғыртудан өтіп жатқанын көріп отырмыз.

– Облыс әкімінің ұсынысына сәйкес, «Қазақстан темір жолы» компаниясы 347 млн теңге бөліп, теміржол вокзалының ғимараты жаңғыртылу үстінде. Ал вокзал аумағындағы перронға және автотұраққа жаңа асфальт жабындысы төселіп, жарық шамдары орнатылып, абағтандырылды. Бұл жұмыстардың атқарылуына жергілікті кәсіпкерлер 90 млн теңге қаржы құйды.

– Бұған қоса, жаңа автовокзал құрылысы да басталып кетті ғой...

– Жалпы құны 97,5 млн теңгеге құрайтын Сырдария өзенінің сол жағалауынан жаңа автовокзалдың құрылысы басталды. Бұл автовокзалдан барлық қалааралық, ауданаралық автобустар жүретін болады. Ол жерде жолаушыларға барлық жағдай жасалады.

– Қаланы абағтандыруда жақсы жұмыстар атқарылып жатқанын айттыңыз. Бөкейханов көшесі бойында, қазіргі автовокзал маңында орналасқан бірнеше екі қабатты үй бар. Бұл үйлерде көзін жұтпейтін, сыртқы келбеті де тым ескі, көзге қораш...

– Бұл екі қабатты үйлерді бұзып, олардың тұрғындарын жаңа үй салып көшіріп, орнына келбетті ғимарат немесе астыңғы қабатында тұрмыс қажетін өтеу орындары орналасқан көпқабатты тұрғын үй құрылысын жүргізетін инвестор іздеп, ұсыныс жасағанбыз. Инвесторлар, әрине, ең алдымен өз қаржысының қайтарымын ойлайды. Осы мәселеге келгенде бір белсенді шыққаны жоқ. Бірақ алдағы уақытта бұл міндетті түрде қолға алынатын жобаның бірі болып отыр.

– Қаланың солтүстігіндегі «Қызылжармадан» «Байтерек» ауданы мен қаланы байланыстыратын көпір құрылысы басталды. Алайда жұртшылық осы жұмыстың жағалап жүретін автожолға да бір жөндеу керек десті жүр.

– Сіз айттып отырған көпір құрылысы бітуге тауа. «Қызылжармаға» осындай тағы бір көпір түседі, сонда «Байтерек» тұрғындары қалаға түс-тұстан кіре алатын болады. Ал автожолға келсек, бұрын ол «Құмкөл» теңірігіндегі жол болатын, осы күні қала құзырына қарады.

Қазір Жезқазған трассасы салынып жатқандықтан, бұл жолмен ауыр жүк көліктері жиі жүреді. Сондықтан дәл бүгін ол жолға жөндеу жұмысын жүргізу тиімсіз. Келесі жылы Жезқазған трассасының жұмысы бітеді, сол кезде «Қызылорда-Құмкөл» жолы да жөндеуден өткізіледі.

– Қала әкіміңізге айтылатын халықтың талап-тілегі көп болар?

– Қанша көп болса да, халықтың талабы бірінші орында. Дегенмен, оны іске асыру заңдылыққа сай жүргізіледі, екі кезде кезекші, кезегін күтіп қалады. Бірақ бәрібір іске асырылады.

Тұрғындардың талай жылғы талап-тілегі ескеріліп, Досан елді мекенінде медициналық бекет және «Ақжарма» ауылдық округінде дәрігерлік амбулатория салынууда. Оған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен қаражат бөлінді. Аталған нысандар жыл аяғында пайдалануға беріледі.

Ал Сырдарияның сол жағалауынан 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсектік көпбейінді аурухана салынады. Бұл да – халықтың талабы.

Халықтың талап-тілегі көпшілік көлігіне байланысты да көбірек айтылады. Облыс әкімінің қолдауымен биыл «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-на тағы 150 автобус сатып алуға қаражат бөлінді. Бүгінде сол автобустардың 50-і келді, қалған сегіз енді келді. Осыларды толығымен қалаішілік бағыттарға қоссақ, жолаушылар тасымалындағы түйткілдерге нүкте қоятын боламыз.

– Іске асырылып жатқан мол жұмысқа бір мақала жетпейді. Біз де әңгімеге нүкте қояйық деп отырмыз. Қала күні мерекесі аясында бір ай бойы түрлі мәдени-көпшілік шаралар өткізіледі. Халыққа рухани демалыс болды.

Қала жұртшылығына қандай ізгі тілек арнайсыз?

– Ең бастысы, ел аман болсын, ел ішінде бәріміз аман болайық. Халықтың ауызбірлігі бұзылмасын, «төртеу түгел болса, төбедегі келеді». Ұрпағымызға өнеге көрсетіп, олардың бақытты болашағын жасауға атсалысайық.

Туған қаламызды болашақ еліміздегі ең көрікті, ең келбетті қаланың біріне айналымы үшін еңбек етейік.

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЙШУЛЫ,
«Сыр бойы»

ТӨРТ ЖОЛАҚТЫ ЖОЛ – ТАРИХИ ШЕШІМ

– Малды қойшы, біраз адамның да басын жұтқан жол емес пе бұл?! Түсіз кетті талайы. Мүгедек болған қаншасы бары белгісіз. Әй, бірақ, өзімізге де обал жоқ. Асығамыз. Қайда? Неге? Оны да өзіміз білмейміз...

Шопыр жігіт сөйлеп жатыр. Рульді бағанағандан да сығымдай ұстаған. Ал мен үнсіз өз жағымдағы терезеге қарай бердім. Бұл Қызылорда қаласынан шығатын екі жолақты жол еді. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» дейтін автобанның республикалық маңызы бола тұра, тым тар салынғаны көп қисынсыз тіршіліктің бетін ашып тұрғандай...

МӘСЕЛЕ ЖЕТТІ, ПӘРМЕН БЕРІЛДІ

Иә, жолаушы қозғалысына қиын тиген жолды жергілікті жұрт бірталай жыл жырлады. Қызылорда қаласынан басталатын Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі жолдың жағдайы келіспеді. Рас, тактайдй тегіс. Жыл сайын күтім де бар. Өттен-айы, екі жолақты. Тап-тар. Оның үстіне неше түрлі жүк көлігі көбейді. Бір-бірінен басып озам деп қарманған көп жүргізуші қарама-қарсы көлікке не малға соғылып, сіз бен бізге белгілі жағдайға ұшырайды. Солай жүргенімізді...

Жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының 566 шақырымын І санатты 4 жолақтыға ауыстыру. Бильғы Жолдауда берген тапсырмаңызға орай, Көлік министрлігі бұл мәселе бойынша 566 шақырым жолды қайта жаңғырту, яғни, төрт жолақтыға ауыстыру жұмыстарына жоба-сметалық құжаттары келесі жылдан бастап әзірленетінін жеткізді. Бұл республикалық маңыздағы екі жолды қайта жаңғырту тек біздің аймаққа ғана емес, көрші облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер береді, – деген еді өз сөзінде Нұрлыбек Машбекулы.

Дәл осы кездесуде Президент те жолдың тым тар екенін айттып, барынша назарда ұстауды

қысқартатын белгілі. Мысалы, қазір Астанаға 20 сағаттан астам уақытта барсақ, жаңа жолмен 11 сағатта жетуге болады. Көлік саны артып, жолаушылар тасымалы да қалыпқа түседі. Айта кетейік, аймақ шекарасына кіретін жолдың сапалы салынуы әрі уақытылы жүріп, өз мерзімінде бітуі облыс әкімінің тікелей назарында, – дейді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыдықов.

Қазір құрылысы қарқын алған жолда ауыр техника әрлі-берлі жүреді. Әр жерге шетелдік асфальт өндіретін зауыт орналастырылған. Сондай-ақ, құрылыс заттарының барлығы – жергілікті өнім. Жаңақорған ауданындағы «Шалқия» кен орнынан тасылуда.

ХАЛЫҚҚА ЕҢ ҚАЖЕТІ ДЕ – ОСЫ

Жол құрылысы салысының арадагері, КР Құрметті жолшысы Оспан Сарекеулімен сөйлескенімізде, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жолының бұл аралығының әуелгі жобасы 4 жолақты болған. Қаржы үнемдеу мақсатымен екі жолақтыға қысқартыпты. Сол уақытта біздің кейіпкеріміз осы салада қызмет атқарған.

– Бұл – жақсы жаңалық. Ел көптен күткен қуаныш. Халыққа қажеті де осы еді. Келесі жылдан бастап жұмысты мықтап қолға алса, облыс орталығы мен Ақтөбе облысына дейінгі шекара көптеген құрылыс жүреді. Кем дегенде 3-4 жыл. Жергілікті халыққа жұмыс көзі табылатыны анық. Екіншінен, бүгінгі екі жолақты жағдайын халық көріп отыр ғой. Кейде өзін де жолға шыққанда байқаймын, үлкен жүк көліктері колонна күйінде тіркесе жүріп, арасына машина кіргізбейді. Оны басып озам деген кейбір жеңіл көлік қарама-қарсы жүйткіп келе жатқанға бетпе-бет соғысады. Өзің ойлашы... Ана жағдайдан соң адам тірі қала ма? Ал осы автобанның бойындағы елді мекендердің малын қағып кету оқиғаларын мен айтпай-ақ білесің. Мал бақта деп, ауыл халқын тағы тыя алмайсың. Мұның барлығы сол үлкен автобанның екі жолақты болып салынуында, – дейді Оспан Сарекеулі.

Қорыта айтсақ, республикадағы 96 мың шақырым автожолдың ішінде біздің Қызылордада тиісті 3420 шақырымға жуық. Оның ішінде республикалық 1014,5, облыстық 555 және аудандық маңыздағы жол ұзындығы 1849 шақырымды құрайды. Облыс жолдарының бильтырғы индикаторлық көрсеткіші 82 пайыз. Бильтырға жеңі – 87,5 пайыз. Қазір жол құрылысы қарқынды жүреді. Жыл басында жол инфрақұрылымына қатысты республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 36 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Бұл – бильтырға қарағанда екі есе көп сома. Бұған ұзындығы 569 шақырым автожол, көшелер және көпірлер жөндеуде.

Бір сөзбен айтқанда, жол инфрақұрылымы – өте маңызды әрі күрделі сала. Кез келген мемлекеттің даму деңгейі жол сапасымен бағаланады. Ал облыс бойынша биль жолға бөлінген қаржы мол. Қарымтасы қалай болары алдағы уақыт көрсетеді. Президент тапсырмасымен құрылған «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» республика аумағында салынып жатқан немесе жөнделіп, жанартудан өткен автожолдардың сапасын сараптап-ақ берер. Аталған жолдардың әр қадамы адалдықпен төселсе, бұқара да базына айтпас дейміз.



«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автобаны

Премьер-министрінің орынбасары Роман Склярға нықтап тапсырды. Сырбойлықтар бұл жаңалыққа қатты қуанды.

Қош, біздегі мәлімет бойынша бұл жолдың жобалық құны 1 трн теңгеден асады. Бүгінде Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысына дейінгі аралықта жеңіл және ауыр жүк көліктерінің саны артып, Тәулігіне 10 мыңнан көп. Бұрын бір күнде 5-6 мың машинадан аспауға керек.

Өкінішке қарай, тар жолдағы апатты жағдайлардың көрсеткіші жаңа батады. Бір ғана мысал, 2016 жылы дәл осы жолда 56 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, 2019 жылы 71, ал бильтыр 99 апат болған.

Ұлытау облысымен шектесетін «Қызылорда-Жезқазған» жолының өңірге тиесілі 216 шақырымына 6 лот бойынша конкурс жарияланса, бесеуінің мердігері белгілі болды. Төртеуін қытайлық компания, қалған бір лотты ұтқан жергілікті жол салушы мердігер – «Қыран» ЖШС. Еуропалық қайта құру және даму банкі арқылы қаржыландырылады, тапсыры беруші – «ҚазАвтоЖол» ҰК» акционерлік қоғамы.

– Қазір «Қызылорда-Жезқазған» бағытындағы автожолдың облысқа қарасты 204 шақырымы қайта жаңғыртудан өтуде. Бильтыр маусым айынан бері Мемлекет басшысының тапсырмасымен басталған жол құрылысы 2022-2025 жылдар аралығын қамтитын болады. Құрылыс аяқталса, жол жүру уақыты да

1-бет



Тәуелсіздікке жасалған батыл қадам

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтару туралы айтқан еді. Араға жылдар салып қабылданған бұл шешім – әр қазақстандық үшін маңызды. «Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек, – деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жалпы әр мерекенің ерекшелігі бар. Бұл мерекенің мәні мен келешек ұрпақ үшін маңызы жайында біз Қорқыт ата атындағы университеттің тарих және археология білім беру бағдарламалары кафедрасының аға оқытушысы, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, саяси ғылымдар кандидаты Шырынкүл Тухаровамен сұхбаттасқан едік.

– Елдікке бастаған ерекше күн мерекелер қатарынан алынып тасталғанымен, былтыр Мемлекет басшысының оған ұлттық мереке мәртебесін бекітуі көпті қуантты. Сол арқылы мәні айшықтала түскен мерекенің маңызына тағы бір тоқтала кетсеңіз...

– Былтырғы Ұлытауда өткен құрылтайда Президент 25 қазан күніне қайтадан ұлттық мереке мәртебесін беріп, күнтізбеге енгізу керектігін айтты. Сөйтіп, мемлекеттік маңызы бар мереке қайта жаңғырды. Оның тарихи рәсімдері әрде жатыр. 1990 жылы 25 қазанда Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің шешімімен егемендік туралы декларация қабылданды. Бұл декларация тәуелсіздігіміздің алғашқы ақжолдай құжаты болатын.

Ол бізге онайлықпен келмеді. Тәуелсіздік – кездейсоқ сәттілік емес, бұл – ұзақ және табанды күрес нәтижесі. Біздің ата-бабаларымыз азап пен қиыншылықты бастан өткерді, бірақ олардың рухы құлаған жоқ.

2009 жылы заңға өзгерістер енгізілді. Сөйтіп, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, ұлттық мереке болып жария етілді де, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды және бұл әдеттегі жұмыс күніне айналды. Ұлттық құрылтайда Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізілді. Егемендік декларациясы қабылданған күнді еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуді тапсырды. Тәуелсіздік шынымен осы күннен бастау алады. Сондықтан бұл күнді мереке ретінде бекіту маңызды қадам болды. Бұл тәуелсіздікті дәріптеп, нығайтуға септігін тигізеді анық.

– Араға жылдар салып қайта оралған бұл мерекені ұлықтауда қандай ішараларға басымдық берілгені дұрыс? Халық арасында оның мәнін ашып ұғындыруға нендей жұмыстар жасалғаны жөн?

– Иә, Республика күні өз мәнінде қайта аталғаны – ортақ қуаныш. Өйткені, бұл – рухымызды көтеретін мереке. Оны мерекелеу жай ғана бір күндік іс-шарамен шектелмей, мәні мен маңызын аша түсерлік дәрежеде болуы тиіс. Ұлттық мерекеде Қазақстан халқының достығы, жеткен жетістігі, ұлттық стратегиялық мүддесі мейлінше насихатталып, паш етілгені жөн деп есептеймін. Біз Қорқыт ата атындағы университеттің тарих және археология кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, ұжымы мерекенің жаңғыруын жақсы жағдай ретінде қарсы алдық. Мәдениет пен білімнің қарашанырағы болғандықтан жастардың ұлттық рухын көтеріп, олардың бойындағы ізгілікті жаңдандыруда, патриоттық сезімдерін оятуда конференция, дөңгелек үстел, диспуттар өткізіп, ағартушылық бағытта еңбек ете береміз. Бұндай шаралар жыл бойы ұйымдастырылады.

– Бүгінгі буын өкілдерін тәрбиелеуде толағай табыс тілейміз. Әңгімеңізге көп рахмет.

Сұхбаттасқан Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



ҚҰРЫЛЫС: ДӘУЛЕТКЕ СӘУЛЕТ САЙ ӨРІС

Биыл облыстың 85 жылдық мерейтойына Сыр құрылысшыларының көтеріңкі көрсеткіш тартуы бар. Мерейлі мереке қарсаңында Қызылорда облысы экономикалық өсу қарқыны бойынша республикада үздік үштікке шықты. Бұл биылғы 9 айдың қорытындысы болса да алдағы уақытқа зор үміт қосты. Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров аймақтың абыройын асқартып атап айтты. «Жыл басынан бері облыс тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша 3-орында, өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқыны бойынша 4, ал құрылыс секторындағы жоғары өсімді қамтамасыз еткен өңірлер арасында 5-орында. Барлық экономикалық даму көрсеткішін есепке алғанда, Сыр өңірі алғашқы үштікке» деп тоқталды.

Облыстың 85 жылдық тарихында құрылыс саласы құр алақан емес, олардың озық ісі облыс шежіресінде ойып орын алады.

Тағылымды тарих

Облыстың алғашқы құрылыс мекемесі ҚазССР Халық комиссарлары кеңесінің 1944 жылғы 10 мамырдағы қаулысына сәйкес Еңбекшілер депутаттарының Қызылорда облыстық советі атқару комитетінің арнайы шешімімен құрылды. Алдымен Архитектура істері жөніндегі облыстық бөлім, онда 3 штаттық бірлік болды. Мекемеге облысқа қарасты бір қаланың, ауданға бағынатын екі қаланың, төрт аудан орталығының және алты қала типтес қыстақтың құрылыстарына басшылық және бақылау жасау жұмыстары жүктелді.

Бұл мекеме бірнеше рет қайта құрылымдаумен өтті. Функциясы мен міндеттеріне қарай қызмет ету ауқымы бірте-бірте кеңейіп, заман талабына сай жанартылып отырды. Жаңа үлгідегі құрылымдық өзгерістер жасалды. Өзіне бағынысты құрылыс нысандарына техникалық қадағалау жасайтын мемлекеттік мекеме де жұмыс жасады.

Облыстық құрылыс басқармасының негізі 1996 жылы қаланды. Ол кезде облыстық сәулет, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы деп аталды. Ал 2005 жылы сәулет, қала құрылысы және құрылыс басқармасы, бір жылдан кейін құрылыс департаменті, 2008 жылдың ақпан айынан облыстық құрылыс басқармасы болды.

2015 жылдың басында «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылғаны белгілі. Алдағы жылы осы мекеменің құрылғанына 80 жыл толағалы отыр.

Мекемеге 1996-2023 жылдар аралығында көптеген білікті азамат басшылық жасады. Қазіргі күні іргелі мекеме өңірдегі құрылыс индустриясының дамуына жетекшілік жасап,



сәулетті құрылыс нысандарының салынуына ықпал етіп келеді.

Мемлекет басшысы Қызылорда облысына жұмыс сапарында темірбетон бұйымдары зауыты өнімдеріне жоғары баға берген болатын. Бұл жергілікті кәсіпкерліктің кең өрісін көрсетті. «Құрылыс-көлік компаниясы» ЖШС биыл құны 2,6 миллиард теңге болатын жобаны іске қосты. Комбинат күніне 200 текше метр темірбетон бұйымдарын өндіреді.

Жетістікке толы жыл

Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы осы саланың дамуына тікелей байланысты. Бүгінде өңірде құрылыс индустриясы қарқынды дамып, ел экономикасының, оның ішінде тұрғындардың әлеуметтік әлеуетінің артуына айрықша ықпал етіп келеді.

Ауқымды саланы алға жылжытуды құрылысшылар қауымының еңбегі еркен. Миллиардтаған теңгенің ірі жобалары құрылысшылардың табандылығының арқасында жүзеге асырылуда.

Өткен жылы аймақ басшысының бастамасымен әлеуметтік нысандар құрылысына мемлекеттік бюджеттен 5,2 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражатқа 25 әлеуметтік нысан құрылысын жүргізу жоспарланып, жыл соңына дейін 12 нысан пайдалануға берілді.

Қаржыландырудың барлық көзі есебінен 683,2 мың шаршы метр тұрғын үйге иелері қоныстанды. Облыс бойынша жалпы ауданы 124,9 мың шаршы метрді құрайтын 1764 пәтерлік 41 тұрғын үй салынды.

Быттыр инженерлік желі бойынша 38 жобаның құрылысы жүргізілді. Оған 4,9 млрд теңге қаржы бөлінді. 8 жобаның құрылысы аяқталып, 53,8 шақырым инженерлік желі пайдалануға берілді. Оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысы бойынша 886 жер учаскесі 44,1 шақырым электр желісімен қамтамасыз етілді. Облыстық басқарма арқылы 53 құрылыс нысанының жоба-сметалық құжаты әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жобалардың

Бұл нысандардың жалпы сметалық құны 9,4 млрд теңгені құрайды.

Тоғыз айдағы толымды істер

Облыс құрылыс саласында биылғы 9 айдың қорытындысымен нәтижелі жетістікке жетті. Әлеуметтік нысандар құрылысына мемлекеттік бюджеттен 20,3 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражатқа 40 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілуде. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде 10 білім беру объектісін салуға республикалық бюджеттен 19,6 млрд теңге бөлініп, құрылысы басталды.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың барлық көзі есебінен 692,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарлануда. Оның ішінде, мемлекет қаражаты есебінен 37,4 мың шаршы метр және жекелеген қаржы есебінен 654,9 мың шаршы метр. Мемлекеттік бюджеттен жалпы ауданы 37,4 мың шаршы метр құрайтын 592 пәтерлік 15 тұрғын үйдің құрылысын жыл соңына дейін аяқтап, пайдалануға берілетін болады. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін сатып алынатын тұрғын үйлер бойынша 1000 пәтер сатып алу жоспарлануда.

Сонымен бірге, облыстық бюджет қаржысы есебінен 79 пәтер сатып алынады. Оның ішінде жалғыз

шы метрді құрайтын 2 634 тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл – өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 119,8 пайызға жоғары көрсеткіш.

Ауқымды жобалар жүзеге асырылуда

Облыстың шежірелі тарихы бүгінде өз жалғасын табууда. Аймақтың құрылыс саласында 126,4 пайыз өсім бар. Өңір қазір қарқынды құрылыс алаңына айналды. Жаңа жобалар жүзеге асырылып, ауқымды инвестициялар тартылып, экономиканың негізгі секторында серпінді қадамдар жасалуда.

Аймақ басшысы әлеуметтік маңызы бар бастамаларға жергілікті меценаттарды көптеп тартып, ауқымды жобаларды жүзеге асыруға қаржы бөлінді. Жыл соңына дейін құны 3,7 миллиард теңге болатын 1000 орындық «Өнер орталығын» пайдалануға беру жоспарлануда. Емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы жүргізіліп жатыр. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 медициналық-амбулаториялық нысан салынады.

Өңірде бірқатар спорт және әлеуметтік-мәдени нысан бой көтереді. Атап айтқанда, жуырда 7 мың орындық Орталық стадионның, жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталады. Аудандарда 11 денешынықтыру кешенін салу үшін жергілікті бюджеттен 2,6 миллиард теңге бөлінген.

Құны 1,6 миллиард теңгені құрайтын заманауи үлгідегі «Отбасы орталығы» да есігін аяққа ашты. Белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1,7 миллиард теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығы жұмысын бастады. Аудандар мен шағын ауылдарда да жаңа нысандардың құрылысы тұрақты жүргізілуде. Бүгінгі таңда 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі», «Балықшылар ескерткіші» мен аллея пайдалануға берілді. Заманауи үлгідегі демалыс саябағы ел игілігіне ұсынылды. Сонымен қатар, «Еңбекшілер аллеясы» бой көтерді.

Облыс орталығында сметалық құны 20 млрд теңгені құрайтын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы басталды. Терминал құрылысын Болат Өтемұратовтың қоры қаржыландырып, жоспар 119,8% орындалды. Осы аталған индикаторлық көрсеткішке қол жеткізу бойынша жыл басында аудандар бөлінісіндегі жоспар бекітіліп берілді. Сонымен қатар, басқарма арқылы аудан өкімдіктеріне жоспарланған көрсеткіштерге 100% қол жеткізу бойынша түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Өткен жылы тамыз айында құны 2 млрд 700 млн теңгені құрайтын «Қан орталығының» іргетасы қаланды. Нысан жылына 5000-10000 адамға қызмет көрсетеді. Орталықтың салынуы – аймақтың денсаулық сақтау саласы үшін маңызды әрі ұтымды шешім, тұрғындардың денсаулығын сақтау және қорғау бағытындағы нақты іс-шараның бірі. Ол 2024 жылдың басында пайдалануға берілетін. Сондай-ақ, 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Жалпы 8 млрд теңгеге салынатын жаңа мектеп оқушыларға сапалы білім беруге қажетті заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, облыстың 85 жылдық мерейтойына сала толымды жетістіктермен жетіп отыр. Бүгінде Сыр өңірі құрылыс саласында табысты өңірлердің біріне айналып отыр. Облыс басшылығы осы мақсатта ірі компаниялар, шетелдердегі шағын және орта бизнес өкілдерімен келіссөздер жүргізуде. Бұл орайда да ойластырылып отырған жарқын жобалар аз емес. Демек, өңірдің сәулетін арттыруға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.



жалпы құны 71,9 млрд теңгені құрап отыр.

Демеушілердің қолдауымен 189,2 млн теңгеге 8 құрылыс нысанының – 5 мектеп, 1 өнер мектебі, 1 мемлекеттік орган ғимаратының және сыртқы инженерлік желінің жоба-сметалық құжаттамалары әзірленді.

Мемлекет өз азаматтарының баспанамен қамтылуына мүдделі. Тұрғын үй құрылысы – тек мақсат ғана емес, ел экономикасының өрлеуіне серпін беретін зор күш. Тұрғын үй құрылысы бойынша облыс көлемінде жалпы алаңы 546 872 шар-



1970-жылдардағы Қызылорда қаласының ескі базар аймағының көрінісі

– Талғат Тұрсынұлы, биыл облыста егін шаруашылығында қандай жұмыстар атқарылды? Жиналған өнім деңгейі қалай болды?

– Сыр өңірінде биыл 193,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Негізгі дақыл күріштің көлемі – 89 мың гектар. Егін көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,8 мың гектарға ұлғайды. Сондай-ақ, әртараптындыру бағытында дән жүгері 1,2, сүрлем жүгері 1,4, күнбағыс 179, соя 64, қант құмайы 195, қант қызылшасы 5 гектарға себілді.

Облыста ерте егілген астық тұқымдас дақылдарды жинау жұмыстары толық аяқталды. Нәтижесінде 4,3 мың гектар күздік бидайдан 7 мың, 4,4 мың гектар жаздық бидайдан 3,5 мың тонна өнім алынды. Сондай-ақ, арпа, дән жүгері, сүрлем жүгері өнімі берекелі болды. Оған қоса майлы дақылдар толық жиналды. Оның ішінде мақсарыдан 4,5 мың, соядан 112, күнбағыстан 205,5 тонна өнім алынды. Бүгінгі күнге облыс бойынша барлығы 289,9 мың тонна жоншықа орылды. Мал азығын дайындау жалғасуда.

– Биыл аграрлық салаға қанша инвестиция салынды? Бұрынғы жылдармен салыстырғанда өсім байқала ма?

– Бұл жөнінен ілкімді істер бар. Атап айтқанда, тоғыз айдың ішінде ауыл шаруашылығында 157 030,1 млн теңгенің өнімі өндірілді. Ол өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда біршама артық. Осының негізінде нақты көлем индексі 101,6%-ды құрады. Мұндай оңды өзгеріс өсімдік және мал шаруашылықтары бойынша байқалып отыр.

Ауыл шаруашылығы негізгі қорына қантар-тамыз айларында 4998,1 млн теңге инвестиция құйылды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ол 8,3%-ға артқанын айта кеткеніміз артық емес. Сондай-ақ, мұндай жағымды жаңалық тамақ өнімдерін өндіру бағытында да қолға алынып отыр.

– Төрт түлікті түлеткен шаруалар

МОЛШЫЛЫҚ МАУСЫМЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ



жыл сайын мал басын арттыруға күш салып келеді. Осы орайда ет және сүт өндірісінде не жаңалық бар?

– Аймақтың мал шаруашылығы саласында өсім қалыптасып отыр. Төрт түлік басы тұрақты өсіп, өндірілген өнім көлемі артуда. Мәселен, 1 қазанға дейінгі мәлімет бойынша 424,8 мың бас ірі қара, 872 мың қой мен ешкі, 221,7 түіе 3,5, құс 0,2 пайызға көбейген.

Жыл басынан бері 28,1 мың тонна сүт және 5,6 млн дана жұмыртқа өндірілді. 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ет өндірісі 2,3, сүт өндірісі 1,6 пайызға артты.

– Облыста машина-трактор паркі жаңалау жағдайы қалай? Елдегі ағайын егін-терім барысында техникаға байланысты қиындық көріп жүрген жоқ па?

– Маңызды науқан алдында жергілікті дикандар дайындық жұмыстарын жүргізді. Қолдағы 4239 (1816 трактор, 842 комбайн, 453 жатқа, 333 жүк көлігі және 795 трактор тіркемесі) ауыл шаруашылығы техникасы толығымен жөнделіп, күзгі егін жинау және дала жұмыстарына қатысты. Сондай-ақ шаруашылық құрылымдары «ҚазАгроКаржы» АҚ арқылы 2,7 млрд теңгеге 70 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алды. Оның ішінде 20 трактор, 6 комбайн, 44 басқа да техника бар. Жауапты кезеңде дикандар дизель және басқа жанармай түрлерімен қамтамасыз етілді.

– Кейінгі жылдары облыста ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығару дұрыс жолға қойылып отырғанын байқаймыз. Сол үрдіс биыл да жалғасын тапқан болар...

– Биылғы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша, облыстан 20,1 млн долларды құрайтын 36,2 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортқа шығарылды. Олардың қатарында күріш,

балық өнімдері, күріш қалдығы, қамыс, күнбағыс тұқымы, көкөніс, ірі қара, тұқымдар мен жемістер, қызанақ, қарбыз, қауын бар. Бұл өнімдер әлемнің 21 мемлекетіне жіберілді.

Экспортқа шыққан өнімнің 83,4 пайызын күріш құрайды. Оған сұраныс танытқандар қатарында Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Украина, Түркменстан, Грузия, Моңғолия және Ирак мемлекеттері бар.

Сондай-ақ облыстан Ресей, Польша, Литва, Германия, Франция, Грузия, Әзербайжан, Австрия, Нидерланд, Қытай және Румыния мемлекеттеріне балық өнімдері шығарылса, Өзбекстанға 102 ірі қара жөнелтілді. Ал Германия, Дания, Нидерланд, Польша және Францияға 1918,1 тонна қамыс, Ресей және Өзбекстанға 210 тонна күріш қалдығы жол тартты. Қытайға 198 тонна күнбағыс тұқымы, 325,7 тонна көкөніс және 178,5 тонна мақсары тұқымы, Ресейге 320 тонна қызанақ, 1436 тонна қарбыз, 115 тонна қауын экспортталды.

– Ауыл халқының табысын арттыру бағытында, «Ауыл аманаты» жобасын іске асыруда қандай жұмыстар жасалуда?

– Айта кетсек, биыл аталған жоба бойынша облыста 3 млрд теңге бөлінген. Жоба бойынша қаржыландыру бағыттары анықталды. Барлық ауылдарда түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы 5 бағыт (өңдеу, егін, кооперативтерді жабдықтау, мал және басқа да бағыттағы бизнес жобалар) бойынша кредит беру жоспарланған. Алдағы уақытта талақа сай келетін 600 жоба іріктеліп, 636 жаңа жұмыс орын ашу көзделуде.

Сенім білдірілген өкіл «Байқоңыр» ӘҚК» АҚ-на бөлінген қаражат толығымен маусым айында аударылды. Бүгінге дейін 356 жобаның құжаты тапсырылды. Оның ішінде 1026,5 млн теңгеге 130 жоба мақұлданып, 52 жоба бойынша 415,2 млн теңге несие берілді.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Әділжан УМБЕТ,
«Сыр бойы»

ӨНЕР

Сонау Оғыз дәуірінен бері қасиетті Сыр топырағынан ән мен жыр үзілген емес. Сондықтан да «Сыр елі – жыр елі» деген қанатты сөз қалыптасқан. Есте жоқ ескі замандардан желінен үзбей келе жатқан жырлық өнердің ірі өкілдері де осы Сырдың бойында өмір сүріп, тағдырдың талқаны таусылғанда қасиетті жырдың арқасында аттарын ұрпақ санасына ұмытылмастай қашап, баһи жайға жөнеп кеткен. Тарих пен тағдыр қатар дамытатын бұл өнер өкілдері бабам Қорқыттан беріміз қарай тарих беттеріне жазылып біздің дәуірге жетті.



САҒЫМНАН САРЫН ОЗДЫРҒАН

Қазақтың шаңырағына жабылған түндіктің бауы қолымызда тұрған XV-XIX ғасырларда жырлық өнердің дамыған, халық арасында қадірленген кезі болатын. Кеңес деген атпен келген келеңсіз дәуір орналасқан именбей кіріп, айбарлы ханға кеңес айтатын жырларды тұқыртып, халықтың ақылы мен санасына айналған жырды керексіз жағдайға келтірді. Зымыян саясат пен кезіндегі Алтын орда мемлекетінің мұрагері болған ұлтты және басқа да бұратана ұлттарды жоюға құрылған кеңес үкіметінің де ақыры жетіп, жер бетінен бұл жүйенің жойылғанына отыз жылдан асып барды. Алайда, ұлттар мен ұлыстарды рухсыздандыру саясаты ішінара іске асып, өткенімізді ұмыта бастадық.

Бекшентайұлының жазғандары, «Тоғжанның гөй-гөйі», т.б. шығармаларды нақышына келтіріп орындайтын. Қазір ұнтаспарларға жазылған дауысы сақталған.

Сөзімізді басында өнерге жанашыр жандардың жыршы-жырауларды таспала арқылы кейінгі толқынға жеткізгенді туралы айтып өткен едім. Сондай ақсақалдың бірі Мақсұт Нұрылдаев еді. Сары жыраудың орындауындағы термелі-толғаулар осы Мақсұт ақсақалдың жеке мұрағатында сақталып, осы кезге жетіп отыр. Белгілі фольклортанушы Б.Жүсіпов жинап, 2007 жылы құрастырған «Сыр сүйегін сұрасаң...» атты музыкалық антологияға Сары жыраудың 5-6 терме-толғауы енгізілді.

Егемен ел болып, өз отымызды өзміз тұтата бастаған кезде ұлттың рухани ұраншысына айналған жырлық дәстүрге көңіл бөлініп, арнайы оқу орындарынан мамандықтар ашылып, саф өнердің дамуына өзек болатын әрекеттер жасалып келеді. Бұл нығызмет – сөзсіз тәуелсіздіктің арқасы. Алайда, сол өліра шақтың өзінде осы өнердің ұрпақтан ұрпаққа жалғануына жанын жалаған жанкешті жыршылар мен өнер жанашырлары болды. Олар қолынан келсе бірді-екілі шөкірт тәрбиелеп, мүмкіндіктің мөлшеріне қарай айтушылардан мақам-саздарды таспалап, қалай болғанда да өнерді өлтірмеудің қамында болды. Топырақтары торқа болғырларды ұлық Алла мейіріммен жарылқап, шапағатымен рахым айлайы!

Зейнет жасына дейін шаруашылықтың түрлі саласында жұмыс жасаған Қитарбек Рахметұлы 2009 жылы дүниеден өтті. Марқұм, туыстық жағынан маған жиені болып келеді. Сары жыраудың өкесі Рахмет Жақыпұлы менің атам Күнбөбектен туады. Күнбөбек – қазақтың белгілі биі Дәуімшар Қитарұлының қызы. Рахмет жиенім балаларына түгел нағашыларының атын қойған. Сәндібек, Қитарбек, Мысабек, Қазбек деген кісілердің барлығы – менің аталарымның аттары. Балаларына нағашыларының атын бергенін ұлық жұрттың ертегі ұрпақ ұмытпауын қалаған деп түсінуге болады.

Міне, сондай ауылы жанның бірі, көптеген көне мақамдардың жеткізшісі Қитарбек (Сары) Рахметов ағамыз еді. Ол Жалағаш ауданы Жамбыл атындағы колхозда дүниеге келген. Жасынан өлең-жырға құмар болған бала Қитарбек белгілі жырау Ақдос Жолдасбаев, Әбділда Жүргенбаев, Тұрақ Байболов секілді өнер иелерінің сонынан еріп, жыршылық өнерді меңгеруге ыждағатпен көңіл аударды. Ауыл мектебін бітіргеннен кейін Қазалы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі. Отбасы жағдайына байланысты оқуын жалғастыра алмай, колхоздың түрлі жұмыстарына жегіледі. Арасында уақыт тауып, қолына түскен қисса-дастандарды жаттап, той-томалақтарда, үлкен мерекелерде халықтың сүйіп тыңдар жырауына айналады. Марқұм Сәкеннің бір ерекшелігі жадқа сақтауға аса қабілетті болатын. Кез келген өзіне таныс емес 20-30 шумақ өлеңді 2-3 рет оқыды да, табаңда қайталап айтып бере алады және сол жылда «Сары жырау» болып елге танылды.

Сырдың жыр әлемі өзгеше екені, өзге өңірлерге ұқсайтын дара болмысты екені ешкімге құпия емес. Ескідегі жырауларымыз бен жыршыларымыз мақам-саздарға ерекше мән берген. Ол кездегі жыршылар біріне бірі ұқсайтын, иірімдері мен қайырулары да басқа, дауыс ырақтарындағы толқынды да өзгеше болған. Жыраулық өнер заманның ыңғайына қарай сахналық сипат алғаннан кейін, қазіргі орындаушыларда бірыңғайлық белең алды. Ал Қитарбек (Сары) жыраудың артықшылығы сол, баяғы ізді сақтап, мақамдарды бізге жеткеруінде еді.

Жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, ақ пен қара алмасқан заманда жақсыға қарай, жақсылыққа қарай ұмытыл парыз екенін ұмытпай, өнерді қалдыртып, өнерпазды құрметтей білуіміз керек. Осы тұрғыдан алғанда Сары Рахметұлының өнерге қосқан үлесін ескеріп, туған жерінде атының ұлықталғанын қалаймыз. Осы ретте шаралар қолға алынса құба-құп болар еді. Біздің ұлттық мұраларымыз бен құндылықтарымызды қорғап, олардың ел арасындағы насихатына білек сыбана кірісетін «AMANAT» партиясы Жалағаш ауданындағы филиалы және оның атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаеваға алғысымыз шексіз. «Сағымнан сарын оздырған» атты облыстық жыршы-термешілер фестивалін облыстық мәдениет және спорт басқармасымен бірлесіп өткізуді жоспарлап отыр.

Өнер – жанашыр жандар болғанда ғана өміршең, өнерпаздармен жасампаз! Жыр өнерінің ардақұрбандары ел жадынан өшпек емес.

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,
жыршы, ҚР мәдениет қайраткері



Алты жылда 43 млн бала

БҰҰ-ның Балалар қоры 2017 жылдан бергі статистиканы жинақтап, соңғы 6 жылда климаттық апаттар салдарынан 43 миллионнан астам бала үйлерін тастап кеткен деген қорытындыға келді.

Балалардың қоныс аударуына негізгі себептер – дауыл мен су тасқыны. Климаттың өзгеруіне байланысты бұл табиғи апаттар жиі орын алып, олардың қарқыны да артып келеді.

Бұған қоса, болашақта жағдай айтарлықтай нашарлай түсетіні шамаланып отыр. Ұйымның болжамына сәйкес, өзендердің арнасынан тасуынан алдағы 30 жылда 96 млн бала үйлерін тастап кетуге мәжбүр болуы ықтимал.

Халықаралық ұйымның пікірінше, бұл мәселенің оңай шешімі жоқ. Білім деңгейін көтеру, табиғи апаттардың алдын алу және балаларға

гуманитарлық мәселелер мен климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы саясатта ерекше орын беруді қоса алғанда, кешенді шаралар қажет, деп атап өтті ЮНИСЕФ.

Көне жәдігер қалпына келтірілуде

Түркияның ежелгі Перре қаласында жердегі ерекше мозаиканы қалпына келтіру жұмыстары басталды. Бұл туралы тілшілерге Адьяман қалалық мұражайының директоры Мехмет Алкан айтты.

Көне жәдігерге 1800 жыл болған. Мехмет Алканның айтуынша, мозаика біздің заманымыздың III ғасырына жатады.

Перре – көне қала. Қаланың қалдығы Түркияның оңтүстік-шығысындағы қазіргі Адьяман провинциясында орналасқан.

Таулар да аласарады

Еуропадағы ең үлкен таудың биіктігі 4 805,59 метрге дейін аласарды. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 2,22 метрге төмен. Ресми деректер бойынша, енді оның биіктігі – 4 805,59 метр.

«Бұл жағдайға жазда жауын-шашын мөлшерінің аздығы әсер етуі мүмкін және бұл құбылыс бұрыннан байқалып келе жатыр» деп атап өтті Шамонидегі баспасөз конференциясында Жоғарғы Савойя геодезия қызметінің басшысы Жан де Гар.

Алып жылан қайдан келді?


Мысық пен басқа да жануарларды азық ететін алып албинос жылан бірнеше айлан бері америкалық Оклахома штаты астанасының тұрғындарының үрейде ұстап отыр.

Питонды ұстау үшін жалдаған мекеме өкілі телеарнаға питон опосум, егеуқұйрық пен мысықтарды азық ететінін айтты. Бұл – питон тұқымдасы ішіндегі уы жоқ жылан. Олар құрбанын толықтай жұтар алдында тұншықтырып алады.

Жыланның қайдан келгені белгісіз. Үйді асырауға өте ыңғайлы питонды иесі шығарып жіберген немесе өзі қашып кеткен болуы мүмкін. Аудан тұрғындарының сөзінше, жыланның көлемі жаз басынан бері екі есе өскен.

Простатит, аденома, уретрит, белсіздік пен бедеулік, несеп шығару жүйесінің бұзылуы?!

Құрметті оқырмандар! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қоюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге маза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан елінде шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.



«ПРОСТАТИНОР» препараты – аты айтып тұрғандай, қуықасты безі қабынып, гормондық теңгерімі бұзылып, жыныстық қатынаста әлсіздікті сезініп жүрген ер азаматтардың мәселесін шешуге арналған өнім.

Егер де сіз жоғарыда айтып өткендей жағдайларды бастан кешіп жүрген болсаңыз, қамқпаңыз! «ПРОСТАТИНОР» препаратын қабылдап болсаңыз, бірінші кезекте толық зәр жолдары мен несеп-қуық жолдарындағы қабынуды тудыратын бактерия, инфекция мен микроорганизмдерді тазалап өткіз, сифилис, гонорея, хламидиоз, трихомониаз деген бұрынғы жұқтырған инфекциялық аурулардың қалып қойған қалдығын шығарыңыз.

Мына телефон номері бойынша білікті мамандардан кеңес алып, «Простатинорга» тапсырыс бере аласыз: 8 778 021 39 39 немесе www.sauilyktyun-syry.kz сайты арқылы. Қазақстан бойынша орталыққа қоңырау шалу, мамандардан кеңес алу, жеткізу қызметі теңі!

Тиімді ұсыныс! «ПРОСТАТИНОР» өніміне -30% жеңілдікпен тапсырыс беріңіз!

Тұтынушы пікірі:

Армысыздар! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижемен бөліскім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врантарға қаралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шыншын айтсам. Операцияға деді, оған операция жасауға қорықтым. Сосын осы сендердің мына «Простатинор» өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсынан алып іштім. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндіз-түні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқым тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіргім келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!

Банктік қосымшалар арқылы 3-6-12 айға бөліп төлеу мүмкіндігі!

Күрметтіңізге өткізіліп отырған сұрақтарға жауап береміз. Біздің қолдану нұсқауларымыз бар.